ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 16 сәуір №4360-26-00-2/551 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Умарсирикова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылқұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиевке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «ТҚО» атынан әрекет етуші Дархан Темірбекұлы Әбжамиевтен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья С.Умарсирикова
көшірмесі дұрыс
Судья С.Умарсирикова

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «26 » мамыр 2026 жылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 16.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 26.05.2026, судья Умарсирикова С. С., 26.05.2026

4360-26-3-1/623